

¹Эгамбердиев М. Ш.  ²Бекетова Д.Б. 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹mirzahan.egamberdiyev@gmail.com, ²danabeketova@gmail.com,

ҚАЗАҚТЫҢ ӘУЛИЕ ӘЙЕЛДЕРІ: ТРАНСЦЕНДЕНТТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ТӘРБИЕЛІК ТӘЖІРИБЕЛЕР

Аңдатпа. Бұл мақала дәстүрлі қазақ қоғамындағы әулие әйелдердің рөлін және олардың рухани-мәдени бағдарлар ретіндегі маңызын зерттеуге арналған. Зерттеудің мақсаты – тарихи-этнографиялық деректер негізінде олардың қасиеттілік, тәрбиелік және әлеуметтік функцияларын кешенді талдау болып табылды. Бұл тұлғаларды зерттеу қазақ қоғамының мәдени және әлеуметтік механизмдерін тереңірек түсінуге, сондай-ақ әйелдердің қоғамдық тәртіп пен дәстүрлерді сақтаудағы рөлін айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеудің әдістемелік негізін тарихи-этнографиялық тәсіл құрайды, оған әдеби, фольклорлық және тарихи деректерді талдау кіреді. Атап айтқанда, Домалақ-ана, Бегім-ана, Рабия Сұлтан Бегім, Айша-биді және Қызыл-ана сияқты әулие әйелдердің өмірі мен қызметі қарастырылады. Бұл тұлғалар халық арасында қасиетті ретінде құрметтеліп, адам мен құдай әлемінің арасындағы дәнекер рөлін атқарды, моральдық нормалар мен рухани бағдарларды қалыптастыруға ықпал етті және жас ұрпақ тәрбиесіне әсерін тигізді. Зерттеудің теориялық негізін гендерлік зерттеулер, діни философия және мәдени антропология концепциялары құрайды. Бұл тәсілдер әулие әйелдерді діни көшбасшылар және қоғамдағы тұрақтылық пен үйлесімділіктің символдары ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Әулие әйелдер арқылы даналық, төзімділік және рухани тұтастық сияқты маңызды құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал етті. Олар қоғамда моральдық-мәдени нормаларды қалыптастыру үдерісінің маңызды буынына айналып, қол сұғылмас идеалдарды бейнеледі. Зерттеу нәтижелері қазақ қоғамындағы бұл тұлғалардың руханият пен моральдық бағдардың символдары ретіндегі маңызын растайды. Дегенмен, тақырып бойынша зерттеулер мен қолжетімді дереккөздердің жеткіліксіздігі мәселені тереңірек зерделеуді қиындатады. Қорытындыда әулие әйелдердің мәдени және әлеуметтік процестерге ықпалын толыққанды бағалау үшін зерттеу базасын кеңейту қажеттігі атап өтіледі.

Кілт сөздер: әулие әйел, гендер, трансценденттік, тәрбиелік, әлеуметтік, руханият, даналық, құндылықтар, функция.

Кіріспе

Қасиеттілік ұғымы адамзат тарихында мәдени және рухани құндылықтардың ажырамас бөлігі ретінде қалыптасты. Әулиелерге деген құрмет көптеген өркениеттерде қоғамның рухани өмірінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатыны сөзсіз. Қазақ мәдениетінде де қасиетті тұлғаларды қастерлеу мен ұлықтау дәстүрі ерекше маңызға ие екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Бұл зерттеудің негізгі өзегі ретінде әулие деңгейіне көтерілген әйелдердің тарихи-мәдени маңыздылығын талдау болып таңдалды. Себебі, әулие әйелдерді зерттеу арқылы қазақ халқының діни сенімдері мен дүниетанымындағы гендерлік ерекшеліктерді, әйелдердің рухани жетекшілік рөлін және олардың қоғамдағы ықпалын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Өйткені, қазақ мәдениетінде әулие әйелдер болып табылатын тұлғалар ерекше құрметке ие, алайда олардың рөлі ерлер әулиелеріне қарағанда жиі назардан тыс қалып жатады. Ал бұл зерттеу өз кезегінде әулие әйелдердің діни және әлеуметтік мәртебесін айқындау арқылы қазақ халқының рухани дәстүрлеріндегі әйел бейнесін жаңаша

қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, әйел әулиелердің халық жадындағы орны мен олардың қоғамға ықпалы және кереметке толы өмірбаяндары арқылы мәдени құндылықтардың қалыптасу үдерісі зерттеледі.

Қазақтың тарихи-мәдени контекстінде әулие әйелдерге қатысты деректер жүйелі ғылыми зерттеуден толық өтпегені байқалады, себебі дәстүрлі қазақ ауыз әдебиеті мен тарихи деректерінде негізінен ер адамдардың рөлі кеңінен баяндалады, ал әйел әулиелердің қасиеттілік феномені ғылыми тұрғыдан терең зерделенбей, аңыздық сипатта қалып келеді. Домалақ ана, Бегім ана, Рәбия Сұлтан бегім, Айша бибі, Қызай ана сынды әулие әйелдер туралы мәліметтер көбінесе фольклорлық сипатқа ие болғандықтан, олардың нақты тарихи дереккөздердегі орны толық анықталмаған. Дегенмен, қазіргі жаһандану жағдайында әлеуметтік желілер мен түрлі медиаплатформаларда аталған әулие әйелдерге қатысты қызығушылық артып, әуесқой түсірілімдер мен бейнероликтер арқылы олардың өмірі мен рухани мұрасы жаңаша интерпретациялануда. Бұл үрдіс әулие әйелдердің қазақ қоғамындағы моральдық-этикалық қағидаларды насихаттауы, даналық пен рухани жетекшілік рөлін атқаруы сынды ерекшеліктерімен тығыз байланысты және олардың мәдениеттегі маңызын қайта қарастыру қажеттілігін айғақтайды (Jibek Joly TV, Қызықты деректер, Abai TV, Khabar TV, Nazyk Alem, Кітап оқы, Sana5).

Қазақ даласында әулие әйелдер рухани жетекші әрі әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі ретінде қарастырылған, олардың қызметі діни сенімдермен қатар, қоғамның күнделікті өміріне де ықпал еткен. Кеңестік кезеңде бұл тақырып шектеулі ауқымда зерттеліп, тек тәуелсіздік жылдарында ғана әулие әйелдердің тарихи-мәдени мұрасын жаңаша зерделеу мүмкіндігі пайда болды. Осыған байланысты, зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ қоғамындағы әулие деп қабылданған әйелдердің орны мен ықпалын анықтау деп белгіленді. Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды: тарихи дереккөздерді, фольклорлық материалдарды және этнографиялық зерттеулерді талдау арқылы әулие әйелдердің халық санасындағы маңызын айқындау; олардың әлеуметтік және рухани қызметінің ерекшеліктерін саралау; кеңестік және қазіргі кезеңдегі көзқарастарды салыстыра отырып, әулие әйелдердің бейнесінің эволюциясын зерттеу.

Мақаланың теориялық және әдіснамалық негізі тарихи-этнографиялық, мәдени-антропологиялық және салыстырмалы талдау әдістеріне сүйенді. Әулие әйелдердің қоғамдық рөлін анықтау үшін тарихи дереккөздер, фольклорлық мұралар мен ауызша тарих кешенді түрде зерттелді. Сонымен қатар, әдеби және тарихи шығармалардағы киелі тұлғалардың бейнесін талдау олардың халық жадындағы орны мен мәдени-рухани мұрадағы маңызын айқындауға мүмкіндік берді. Әулиелік, қасиеттілік және киелілік ұғымдарын түсіндіруде құрылымдық-функционалдық және символдық интерпретация тәсілдері қолданылып, әулие әйелдердің әлеуметтік тұрақтылық пен рухани жетекшілік қызметін атқарудағы ерекшеліктері сараланды. Кеңестік кезең мен тәуелсіздік жылдарындағы ғылыми тұжырымдамалар салыстырылып, әулие әйелдердің тарихи-мәдени бейнесінің өзгеру үдерісі зерттеудің маңызды бағыты ретінде қарастырылды.

Зерттеудің жаңалығы қазақ қоғамындағы әулие әйелдердің әлеуметтік және діни қызметін кешенді түрде қарастыруында жатқанын ешкім жоққа шығара алмайды. Өйткені, бұған дейін бұл тақырып шектеулі зерттеліп, әулие әйелдердің рөлі көбінесе фольклорлық және аңыздық сипатта қарастырылған еді. Ал бұл мақалада қазақ халқының әулие әйелдерге деген көзқарасы тарихи, этнографиялық және мәдени-антропологиялық тұрғыдан жүйелі түрде сараланып, олардың халық санасындағы беделі мен құрметінің себептері талданды. Сонымен бірге, қазіргі заманғы медиакөшілікте әулие әйелдер бейнесінің жаңаша пайымдаулары қарастырылып, олардың рухани-мәдени ықпалының эволюциясы көрсетілді. Осылайша, зерттеу қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары мен рухани мәдениетінің сабақтастығын жаңа ғылыми тұрғыдан зерделеуге үлес қосады деуге негіз бар.

Жалпы алғанда, қазақ қоғамында әулие әйелдердің орны мен рөлі ерекше маңызға ие деп нық сеніммен айтуға болады. Бұл зерттеу дәстүрлі дүниетаным мен қазіргі рухани құндылықтар арасындағы байланысты анықтауға мүмкіндік береді. Тарихи жадыны сақтау және оны жаңаша пайымдау ұлттық рухани мұраны зерттеудің өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарастырылуда. Зерттеудің гипотезасы бойынша, қазақ мәдениетіндегі әулие әйелдер тек діни тұлғалар ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік тұрақтылық пен рухани бірлікті қамтамасыз ететін құндылықтардың сақтаушыларына айналды. Әулие әйелдерге қатысты деректерді жүйелі талдау қазақ мәдениетінің діни және рухани аспектілерінің тереңдігін ашып көрсетуге, сондай-ақ олардың халық санасындағы беделі мен ықпал ету механизмдерін айқындауға мүмкіндік береді.

Материалдар және зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеу барысында жалпы әулие деген сатыға тән негізгі екі қасиет анықталды. Біріншіден, әулиелер илаһи және материалдық дүниелер арасындағы дәнекер ретінде қарастырылды. «Әулие» сөзі араб тілінен енген ұғым болып, жаратушының сүйікті құлы, адам тағдырына ықпал ете алатын қасиетті тұлға деген мағына берді (Арабско-русский словарь, 1994: 452). Ислам мистицизмінің көрнекті өкілдері ат-Тустари әл-Жунайд және әл-Харраз әулиелерді діни тәжірибеде кемелдікке жеткен, жаратушы туралы терең білім игерген жандар ретінде сипаттады және әулиелер табиғаттан тыс күшке ие болып, бұл қабілеттері арқылы түрлі ауруларды емдеу, қауіп-қатерден қорғау мен кереметтер жасау мүмкіндігіне ие деп есептелді. Мұндай сенім ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, әулиелердің халық жадындағы рөлін одан әрі нығайтты (Мансұров, 2020: 10).

Екіншіден, әулиелердің ерекшелігі – олардың мол рухани қуаты мен діни адалдығы екені анық. Олар тақуалық, кең дүниетаным және ерекше өмір салты арқылы қоғамда дараланып, қарапайым адамдардан айырмашылығы анық байқалды. Мұндай тұлғалар жеке мүдделерін емес, жалпы қоғам игілігін ойлап, халықтың әл-ауқатын жақсартуға ықпал етті. Әулиелер халық үшін үміт пен ізгіліктің символына айналып, олардың болуы Алланың ерекше нығметі ретінде қабылданды. Әулиелердің рухани беделі ұрпақтар сабақтастығын сақтауға ықпал етіп, олардың даналығы жас буынға өнеге болды (Сәрсембин, 2024: 24).). Осы себепті қазақ халқы асыл тұлғаларды ерекше ілтипатпен құрметтеп, олардың есімдерін фольклор туындыларында дәріптеді, кесенелер тұрғызды және зиярат ету дәстүрін қалыптастырды.

Қазақ қоғамындағы әулие әйелдер бейнесін ғылыми тұрғыдан қарастыру тарихи, мәдени және діни зерттеулердің қиылысында тұрған кешенді мәселе болып табылады. Тақырыпты зерделеу барысында әулие әйелдердің қызметін түсіндіруде тарихи дереккөздер мен фольклорлық материалдардың үйлесімділігі шешуші рөл атқарады деген пайымға көз жеткізілді. Дегенмен, зерттеудің теориялық негізі бірнеше әдіснамалық қиындықтарды туындатты. Олардың қатарында, кеңестік кезеңдегі ғылыми дәстүрлер рухани тұлғалардың қоғамдағы орны мен ықпалын зерттеуді екінші қатарға ығыстырды, бұл тақырыптың біржақты қарастырылуына алып келді (Асфендиаров, 1930: 7-8). Қазіргі зерттеулерде болса әулие әйелдерге қатысты деректер көбінесе фольклорлық мұра ретінде ғана қарастырылып, олардың тарихи-әлеуметтік қызметі жеткілікті деңгейде талданбай келеді (Бабалар сөзі, 2006: 400). Кейбір зерттеулерде әулие әйелдердің қасиеттері асыра дәріптеліп, тіпті фактілер бұрмаланған жағдайлар кездеседі. Бұл қазақ халқының тарихи танымын бұрмалап, шынайы ғылыми пайымдаулардан ауытқуға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты, тарихи жадыны сақтау мен оны жаңаша пайымдау үшін жаңа теориялық-әдіснамалық көзқарас қажет етілді.

Теориялық-әдіснамалық жағынан тақырыпқа жанама қатысы бар ағылшынтілді зерттеулерге назар аударылды. Олар, әулие әйелдерді зерттеудегі теориялық және әдіснамалық мәселелерді талдау діни бедел, гендерлік иерархия және рухани көшбасшылықтың мәдени-әлеуметтік контекстін түсіндірумен тығыз байланысты. Джон

Коаклидің Орта ғасырлардағы әулие әйелдер туралы зерттеулері олардың харизматикалық билігі мен институционалдық шіркеу билігінің өзара әрекеттесуін талдай отырып, Макс Вебердің харизматикалық билік теориясын негізге алады (Coakley, 2009: 45). Оның тұжырымдамасына сәйкес, әулие әйелдер ресми дінбасылар құрылымынан тыс рухани ықпалға ие болған, бұл оларға діни беделін қалыптастыруға мүмкіндік берген. Әулие әйелдерге қатысты көзқарастар әртүрлі теориялық тәсілдер арқылы зерттелді: бірқатар ғалымдар оларды діни институттармен қарсыластықта болған маргиналды тұлғалар ретінде сипаттаса, басқалары оларды дәстүрлі діни биліктің толықтырушы элементі ретінде қарастырды (Coakley, 2009: 52). Бұл зерттеу батыстық институционалды дін мен харизматикалық биліктің өзара байланысын ашуда маңызды рөл атқарғанымен, әулие әйелдер феноменін тек христиандық контексте қарастырады, ал исламдық және көшпелі қоғамдардағы аналогиялық құрылымдар жеткіліксіз зерттелген. Мұндай шектеулі әдіснамалық ұстаным әулие әйелдердің діни билік жүйесіндегі орнын толыққанды түсінуге мүмкіндік бермейді, сондықтан зерттеуді өркениетаралық және көпсалалы тәсілдермен кеңейту қажеттілігі туындайды.

Гендерлік теория мен экологиялық антропология тұрғысынан қасиетті табиғи орындардағы әйелдердің рөлі діни билік пен экологиялық тұрақтылықтың өзара байланысын талдау үшін маңызды. Н.И. Синтумуленің Африкадағы қасиетті табиғи орындардағы әйелдер қызметін зерттеуі бұл кеңістіктердің гендерлік құрылымдары мен діни тәжірибелердегі орнына назар аударады (Sinthumule, 2022: 87). Автор дәстүрлі көзқарастардың қасиетті кеңістіктерді басқаруда ерлердің үстемдігін бекітетінін атап өтеді, алайда эмпирикалық зерттеулер көрсеткендей, әйелдердің діни рәсімдердегі белсенділігі қасиетті табиғи орындардың рухани және экологиялық тепе-теңдігін сақтауда маңызды рөл атқарған (Sinthumule, 2022: 94). Бұл зерттеу әулие әйелдер қызметінің табиғатты қорғау және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудегі маңыздылығын көрсетеді. Алайда, бұл талдаулар негізінен жергілікті антропологиялық зерттеулерге сүйенеді және әулие әйелдердің рухани беделі мен мәдени кодтарын кеңірек өркениеттік контексте қарастырмайды. Осыған байланысты, әулие әйелдер феноменін зерттеудің теориялық-әдіснамалық парадигмасын кеңейту қажет, бұл үшін мәдениетаралық салыстырмалы әдіс, тарихи реконструкция және құрылымдық-функционалдық талдау сияқты тәсілдерді біріктіру ұсынылады. Бұл жаңа теориялық бағыт әулие әйелдердің тарихи және қазіргі қоғамдағы орнын тереңірек түсінуге, сондай-ақ олардың діни, әлеуметтік және құқықтық мәртебесінің эволюциясын кешенді түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Әлемдік тарихнамада әулие әйелдер мәселесі кеңінен қарастырылған, бұл тақырыптың дінтану, антропология және тарих ғылымдарындағы өзектілігін көрсетеді. Осы тұрғыда теориялық-әдіснамалық негізі бізге ең жақын зерттеулердің бірі ресейлік ғалым С. Абашиннің еңбектері болып табылады. Ол негізінен Өзбекстандағы қасиетті кеңістіктерді зерттегенімен, оның қолданған әдістері мен талдау тәсілдері қасиетті тұлғалардың әлеуметтік-мәдени феноменін түсіндіруде маңызды болып табылады (Абашин, 2001: 37). С. Абашин қасиетті орындар мен олардың ұрпақтан-ұрпаққа берілу механизмдерін этносоциологиялық және этнографиялық әдістер арқылы қарастырып, бұл кеңістіктердің ұлттық және діни бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін айқындайды (Абашин, 2007: 215). Оның құрылымдық-функционалдық және дискурсивтік тәсілдерге сүйенуі әулие әйелдер институтын зерттеуде де маңызды әдіснамалық бағыт ретінде қарастырылуы мүмкін. Осылайша, С. Абашиннің зерттеулері қасиетті тұлғалар мен олардың кеңістіктерін талдаудағы менталдық және символдық аспектілерді түсінуге мүмкіндік береді, бұл қазақ мәдениетіндегі әулие әйелдердің әлеуметтік-рухани маңызын анықтауда қолдануға болатын құнды әдістемелік негіз болып табылады.

Бұл зерттеудің методологиялық негізі тарихи-этнографиялық, мәдени-антропологиялық және герменевтикалық тәсілдерді біріктіруге негізделді. Отандық зерттеулердің тарихи-

этнографиялық әдіс арқылы әулие әйелдерге қатысты мәліметтер тарихи дереккөздер мен этнографиялық зерттеулер негізінде сарапталады (Уалиханов, 1985: 170). Олар, мәдени-антропологиялық тәсіл арқылы қазақ қоғамындағы әулие әйелдердің әлеуметтік қызметі және дәстүрлі танымдағы орны мен қоғамдық ықпалы талданады (Сәрсембин, 2024: 24-27). Сонымен бірге, герменевтикалық әдісті қолдану арқылы әулие әйелдер туралы тарихи және әдеби дереккөздер интерпретацияланып, олардың қоғамдағы орнына байланысты мағыналық өзгерістер қарастырылды (Мансұров, 2020). Бұл тәсілдер біріктіріле отырып, әулие әйелдердің бейнесінің қалыптасуы мен оның эволюциясын зерттеуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің негізгі теориялық жаңалығы – әулие әйелдердің тарихи-мәдени мұрасын жүйелі түрде талдаудың жаңа әдістемесін ұсыну болып табылады. Бұған дейінгі зерттеулер көбінесе жеке тұлғаларға немесе аңыздық сипаттағы мәліметтерге негізделген болса, бұл зерттеуде әулие әйелдер феномені кешенді тарихи-мәдени құбылыс ретінде қарастырылды (Өріпжанұлы, 2023: 416). Қазақ қоғамындағы әулие әйелдердің рөлі туралы жаңа теориялық ұстаным ретінде олардың екіжақты функциясын қарастыру ұсынылады: біріншісі – олардың рухани көшбасшылық рөлі, екіншісі – әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі ретіндегі қызметі (Ергөбеков, 1999: 17-19). Бұл екі аспект олардың қоғамдағы маңызын толыққанды ашуға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы әулие әйелдердің бейнесінің эволюциясы алғаш рет ғылыми негізде кезеңдерге бөлініп қарастырылды. Кеңестік кезеңде олардың бейнесі идеологиялық себептерге байланысты екінші қатарға ысырылып, рухани құндылықтар материалистік тұрғыда бағаланды (Ислам: Энциклопедиялық сөздік, 1991: 315). Ал тәуелсіздік жылдарында киелі тұлғалардың қайта жаңғыруы, олардың қоғамдағы орнының қайта қарастырылуы байқалды (Ұрпағына ұран болған аналар, 2021: 208). Осылайша, зерттеу қазақ қоғамындағы әулие әйелдер институтының тарихи сабақтастығы мен олардың рухани беделінің ұрпақтан-ұрпаққа берілу заңдылықтарын анықтауға бағытталды. Бұл қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары мен рухани мәдениетінің сабақтастығын көрсететін маңызды ғылыми зерттеу болып табылады.

Жалпы алғанда, қазақтың әулие әйелдері рухани дәстүрдің маңызды феномені ретінде тек діни және әлеуметтік институттардың құрылымында ғана емес, сонымен қатар қоғамның құндылықтық жүйесін қалыптастырудағы ықпалды факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Олар трансценденттік құндылықтардың тасымалдаушылары бола отырып, ұрпақаралық сабақтастықты қамтамасыз етуші әлеуметтік-рухани институт қызметін атқарды. Бұл құбылысты шығыстану ғылымында зерттеу, ең алдымен, олардың мәдени және діни заңының қалыптасу механизмдерін, тарихи контексте әлеуметтік функцияларының өзгеруін және сакралды кеңістіктегі рөлін талдауға негізделеді. Теориялық-әдіснамалық тұрғыда қазақтың әулие әйелдері жөніндегі тарихнамалық зерттеулер олардың ұжымдық жадтағы орны мен әлеуметтік құбылыс ретіндегі эволюциясын түсіндіруде маңызды рефлексивті және герменевтикалық әдістерді қолдануды қажет етеді. Осы ретте, олардың тарихи бейнесін қалпына келтіру және оның қазіргі қоғамдағы дискурсивті интерпретациясын бағамдау ғылыми тұрғыда кешенді тәсілді талап етеді.

Талқылау

Қазақтың әулие әйелдері тарихи және мәдени кеңістікте ерекше орны бар тұлғалар, олардың өмірі мен қызметі рухани дәстүрлерді сақтауға, діни таным жүйесін қалыптастыруға және әлеуметтік құндылықтарды нығайтуға ықпал етті. Бұл зерттеуде Домалақ ана, Бегім ана, Рәбия Сұлтан бегім, Айша бибі мен Қызай ана арнайы зерттеу объектісі ретінде таңдалды. Өйткені, олар туралы фольклорлық материалдар мен өмірлік жолын сипаттайтын тарихи мәліметтер мен тұжырымдар жүйеленбеген және аталған қасиеті бар әйелдер қазақ қоғамының тұтастануы мен мемлекеттілігінің қалыптасуына маңызды орынды алған. Нақты айтқанда, бұл тұлғаларға қатысты деректердің қолжетімділігі, олардың ғылыми айналымға қаншалықты енгені және зерттеулердегі әдіснамалық тәсілдердің

тиімділігі сарапталады. Сонымен бірге, тақырыпқа байланысты түрлі көзқарастар мен карама-қайшы пікірлердің ғылыми негіздемелері талданып, оларды шешуге бағытталған теориялық-әдіснамалық ұстанымдар ұсынылады.

Домалақ ана (Шайқы Мизамбекқызы Нүрилә) туралы тарихи мәліметтер бірнеше жазба дереккөздерінде сақталған. Әбілғазы Баһадүр ханның «Инсаният-и-диннат маме» еңбегінде алғашқы деректер берілсе, кейінірек Төле би Әлібекұлы (1663-1756 жж.) бұл мәліметтерді толықтырып, 1713 жылы Ташкентте баспадан шығарған. Кейін Барлыбай Байсалұлы (1736-1832 жж.) жаңа мәліметтер қосып, «Тауарих-и Диннат маме» еңбегін жариялады. Ал дамолла (ұстаз) Аққұс Сатыбалдыұлы (1806-1897 жж.) жинақтаған шежірелік материалдар «Диннат мама тарихы» деген атпен сақталған. Қазіргі зерттеулерде бұл деректер негізінен Даниярбек Дүйсенбаевтың еңбектерінде көрініс табады (Дүйсенбаев, 1991). Сонымен қатар, А. Көшеровтің зерттеулері Домалақ ана туралы ғылыми негізделген аргументтерді қамтиды (Көшеров, 2025). Мысалы, кейбір деректерде Домалақ ананың есімінің шығу тегі оның сыртқы келбетімен байланыстырылғанымен, А. Көшеров бұл көзқарасты жоққа шығарып, «домалақ» сөзі «домуллах» терминінен өзгергенін дәлелдейді. Оның пайымдауынша, бұл сөз түрлене келе «домалақ» нұсқасына айналған, ал тарихи контексте бұл атау белгілі бір рухани мәртебені білдіруі мүмкін және қазақтың ауызша тарихында Домалақ ананың шын есімі туралы әртүрлі пікірлер кездеседі. Мәселен, Кенен Әзірбаев пен кейбір қазақ шежірелерінде оның шын аты «Бибісара» деп көрсетіледі. Бұл дереккөздер мен зерттеулер қазақтың әулие әйелдерінің тарихи-мәдени рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және олардың діни-әлеуметтік маңызын зерттеудің жаңа әдіснамалық тәсілдерін ұсынады.

«Шапырашты, Ошақты, Ысты үшеуі,

Зеріп деген әйелдің балалары.

Бәйдібектің тоқалы Домалақты,

Туған екен Домалақ Жарықшақты.

Домалақтың есімі – Бибісара,

Ешкім оның шын атын атамапты.

Жарықшақтан – Албан, Суан, Дулат,

Үшеуінің тұқымы талай дуан.

Өсіп-өнген халықта кім болмайды,

Талай-талай зорлықшыл шыққан жуан» (Бабалар сөзі, 2012).

Осылайша, атап өткендей тарихи дереккөздер мен шежірелік материалдарда Домалақ ананың есімі әртүрлі нұсқаларда сақталған. Шежіреші И. Үсіпұлының нұсқасында ол Бибімәриям ретінде көрсетілсе (Ергөбеков, 1999), Жүсіпбекқожа Шайқысламның шежіресінде Нұрбүбі деп аталғанымен, нақты қай дереккөзден алынғанын дәп басып айту қиын (Қазақ шежірелері). Сонымен қатар, шежіреші Көпжасар Мәденұлының аңыз-әпсаналарында ол Мейір бегім, кейін Бәйдібекпен некелескеннен кейін Мейір бибі атанғаны айтылады. Парсы тіліндегі кейбір шежірелік материалдарда есімі Бибі Мэриль деп те кездеседі. Бұл атаулардың әртүрлілігі Домалақ ананың тарихи тұлға ретінде сан алуан этномәдени және діни контекстерде әртүрлі атпен танылғанын көрсетеді. Алайда, ең маңызды мәселе – Домалақ ана мен Бәйдібек бидің нақты қай кезеңде өмір сүргені әлі де толық анықталмаған. Зерттеушілер бұл мәселеге әртүрлі көзқарастар ұсынуда. Д. Дүйсенбаевтың зерттеуінде Бәйдібек би 1356-1419 жылдары өмір сүрген деп көрсетілген (Дүйсенбаев, 1991). Қ. Ергөбеков өзінің «Бәйдібек баба мен Домалақ ана» еңбегінде оны XIII ғасырдың бірінші жартысында туып, осы ғасырдың соңына қарай қайтыс болған деп есептейді (Ергөбеков, 1999: 30). Ал М. Жолдасбекұлы, Қ. Салғараұлы және А. Сейдімбек «Елтұтқа» еңбегінде Бәйдібек бидің өмір сүру кезеңін V-VII ғасырларға жатқызады

(Жолдасбекұлы, 2001). Бұл пікірдің дәлелі ретінде ғалымдар Бәйдібек кесенесінен VI-VII ғасырларға тән тиын теңгелердің табылуын алға тартады (Боранбай, 2012). Осылайша, Бәйдібек бидің тарихи уақыты жөніндегі пікірталастар археологиялық, шежірелік және жазба деректердің интерпретациясына тәуелді болып, біркелкі тұжырым жасауға мүмкіндік бермей отыр.

Ортағасырлық көшпелілер қоғамындағы саяси және әлеуметтік құрылымда билеуші әулеттен шыққан әйелдер маңызды рөл атқарды. Олар ханның жары немесе ұрпақ тәрбиелеуші болуымен қатар мемлекетшілік дипломатия мен идеологиялық тұрақтылықтың да бір бөлігіне айналды. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңінде осындай тұлғалардың бірі ол Рәбия Сұлтан бегім болып табылады. Ол Әмір Темір әулетінен шыққан және Шайбанидтер әулетінің билеушісі Әбілқайыр ханның жары еді. Рәбия Сұлтан бегім туралы тарихи деректердің аздығына қарамастан, оның саяси-мәдени мұрасы, жеке тұлғалық ерекшеліктері және мемлекеттік билік жүйесіндегі орны белгілі зерттеулерде қарастырылып келеді.

Саралап айтқанда, Рәбия Сұлтан бегімнің өмірі XV ғасырдың екінші жартысындағы Орта Азиядағы саяси оқиғалармен тығыз байланысты. Тарихи деректерге сүйенсек, ол шамамен 1430-1495 жылдары өмір сүрген және Әмір Темірдің немересі Әбу Саид 1451 жылы Самарқанды жаулап алғаннан кейін, оған әскери қолдау көрсеткен Әбілқайыр ханға ұзатылған (Ұрпағына ұран болған аналар, 2021: 58). 1468 жылы Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін, оның артында қалған Сүйінші (Сүйінші) және Кішкене (Көшкінші) атты екі ұлы өзбек-шайбанидтердің қазақтарға қарсы жорықтарына қатысқан. Кейінірек ұлдары 1495-1510 жылдары анасын құрметтеп, оның кесенесін Түркістанда тұрғызған (Ұрпағына ұран болған аналар, 2021: 60). Алайда, Рәбия Сұлтан бегімнің нақты тарихи рөлі тек оның ұрпақтарымен шектелмейді. Ол Тимуридтер мен Шайбанидтер арасындағы бейбіт келісімнің символына айналды, сондай-ақ Әбілқайыр ханның реформаларын жүзеге асырудағы ықпалды тұлғалардың бірі ретінде қарастырылады (Кабдулвахитов, 2022).

Саяси-әлеуметтік тұрғыдан алғанда, Рәбия Сұлтан бегімнің өмірі көшпелі билеушілер әулетінің ішкі қақтығыстарымен қатар, Қазақ хандығының құрылу үдерісіне тікелей әсер еткен оқиғалармен сабақтас. Әбілқайыр ханның орталықтандыру саясаты көшпелі тайпалардың мүддесіне қайшы келді, бұл өз кезегінде Керей мен Жәнібек сұлтандардың айналасына топтасқан қазақ қауымының қалыптасуына түрткі болды. 1468 жылы Әбілқайыр хан көтерілісші қазақ-өзбек тайпаларына қарсы жорық кезінде қайтыс болғаннан кейін, Рәбия Сұлтан бегім Сығанақтан Түркістанға көшіп, өмірінің соңын Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңында құлшылықпен өткізді. Ол 1485 жылы 50 жасында дүниеден өтті, бұл кезде Түркістан Қазақ хандығының астанасы болған еді (Кабдулвахитов, 2022). Осылайша, Рәбия Сұлтан бегімнің тарихи бейнесі тек билеуші әулеттің өкілі ғана емес, саяси-мәдени үрдістердің белсенді қатысушысы ретінде де қарастырылады.

Ортағасырлық түркі қоғамында әйелдер тек отбасының ұйытқысы ғана емес, саяси, мәдени және діни өмірде де маңызды рөл атқарған. Аңыздар мен шежірелерде Бегім ана образы әділетсіздіктің құрбаны болған әйел ретінде сипатталады. Алайда оның нақты өмір сүрген уақыты мен тарихи орны жайлы деректер шектеулі. Бегім ана туралы мәліметтер негізінен аңыздар мен ауызша тарихқа сүйенеді, бұл оның бейнесін зерттеуде бірқатар қиындықтар туғызады. Бұқаралық ақпарат құралдары мен халық ауыз әдебиетінде Бегім ана жайлы әртүрлі нұсқалар кездеседі. Мысалы, Қазақстан Заман газетінде 2006 жылы жарық көрген мақаланың авторы белгісіз, ал YouTube платформасында 2023 жылы жарияланған бірнеше ғана бейнематериал бар (Шыныбай, 2018). Аңыздарда оның есімі кейде Бекмана, Бикем деп беріледі.

Бегім ана туралы аңыздардың бірінде ортағасырлық Жанкент қаласының жойылуы мен жылан апаты жайлы баяндалады. Бұл оқиғаның бір нұсқасын 1867 жылы орыс суретшісі Василий Верещагин жазып қалдырған. Ол Жанкент қаласына қатысты қазақтардың аңызын

келтіреді, онда хан өз әйелінің опасыздығы үшін оны жазаламақ болғаны, ал әйелінің әкесі бақсы болып, қаланы жыландар басқандығы айтылады (Мамышқызы, 2017). Бұл аңыздар Бегім ананың тарихи болмысын мистикалық элементтермен байланыстыра түседі. Зерттеушілер бұл оқиғаның шынайылығын растау үшін Жанкент қаласының археологиялық деректеріне сүйенуі қажет.

Аңыздың түрлі нұсқалары ғылыми еңбектерде де көрініс табады. Сандуғаш Мамышқызының «Сенімсіздіктің құрбаны болған Бегім ана» мақаласында бірнеше дерек келтіріледі. Аңыздың бір нұсқасын ғалым А. Нестеров 1989 жылы Қазалы өңіріндегі бір қариядан жазып алған (Мамышқызы, 2017). Сонымен қатар, Сандуғаш Мамышқызының еңбегінде Ұлжан Шайхы Назардың «Ордалы» хикаясында да Бегім ана туралы баяндалғаны айтылады, бірақ бұл автор туралы ғылыми деректер табылмаған. Бегім ана аңызы мен Жанкент қаласының жойылуы арасындағы байланысты зерттеу барысында 1970 жылы Жанкент маңындағы жыландардың бір түнде жоғалып кеткендігі туралы деректер кездеседі (Шыныбай, 2018). Бұл оқиға мифологиялық сипатқа ие болғанымен, Сыр бойындағы тарихи оқиғалардың символдық көрінісі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Зиярат етіп келетін келесі орын – адалдықтың символына айналған Айша бибі кесенесі. Бұл тарихи ескерткішке қатысты көптеген аңыздар бар, олар Б. Әбілдаұлы мен Ж. Дәдебаев еңбектерінде жан-жақты баяндалады. Ал тарихшы Дулат Мұхаммед Хайдар «Тарих-и-Рашиди» кітабында оны «Айша қатын» деген есіммен атайды. Кейбір дереккөздерде ол Исмаил атаның қызы ретінде сипатталса, басқа нұсқаларда қытай ханшайымы немесе Өмір Темірдің апайы әрі Чинманчинның қызы ретінде аталады (Мун, Турекулова, 2017: 217). Дегенмен, Айша бибі кесенесі өз кезегінде Қазақстан аумағындағы маңызды мәдени-тарихи ескерткіштердің бірі және бұл архитектуралық нысанның пайда болуы мен Айша бибінің өмірбаянына қатысты деректер әртүрлі тарихи және агиографиялық баяндамаларда кездеседі.

Белгілі зерттеуші В. В. Бартольд еңбектерінде 1034 жылы Талас өңірінің билеушісі Боғра ханның қызының Ғазнаға күңімен бірге болашақ жұбайы Мәудудке, мұрагер Масудқа бара жатқан жолда қайтыс болғаны туралы мәліметтер келтіріледі (Бартольд, 1963). Бұл дерек қазақ халық ауыз әдебиетінде сақталған аңыздық баяндаулармен белгілі бір деңгейде үйлеседі. Сонымен қатар, Б. Т. Тұяқбаев өз зерттеуінде Айша бибінің алыстағы жұбайына сапар шегу барысында өмірден озғаны туралы мәліметтерді қарастырады (Тұяқбаева, 1989: 127-128). Осы деректердің барлығы Айша бибінің өмірбаяны нақты тарихи құжаттарда толық бекітілмегенімен, оның есімі мен кесенесінің аймақтық тарихи жадтағы маңыздылығын көрсетеді.

Қазақ халқының мәдени-рухани тарихында әйел әулиелердің тек діни тұлғалар ретінде ғана емес, сонымен бірге белгілі бір этникалық топтардың ұйысуына, дәстүрлер мен құндылықтардың сақталуына ықпал еткен тарихи қайраткерлер болып табылады. Осындай тұлғалардың бірі Қытай қазақтарының арасында қастерлейтін Қызай ана екені баршаға аян. Оның есімі ғасырлар бойы қазақ халқының жадында сақталып, рухани мұраның ажырамас бөлігіне айналды. Қызай ананың культі әсіресе Қытайдағы қазақ қауымдастығында кеңінен таралғанымен, оның тарихи өмірбаяны мен әлеуметтік-мәдени маңызы әлі де кешенді зерттеуді қажет етеді.

Қызай ана культінің зерттелуі бірнеше ондаған жылдар бойы жалғасып келеді. Қытайда тұратын көрнекті тарихшы, шежіреші Ж. Жүнісұлы өзінің ғылыми өмірінің көп бөлігін оның өмірі мен мұрасын зерттеуге арнаған. Бұл туралы оның 2006 жылы жарық көрген «Қызай ана» атты іргелі еңбегі дәлел бола алады (Бабалар сөзі, 2006). Автор осы монографияда Қызай ананың шығу тегін, оның қалыптасқан әлеуметтік ортасын, мәдени-қасиетті дәстүрдегі орнын ұғынуға негіз болатын кемелдігі мен ізгі қасиеттерін терең талдайды. Автор Ж. Жүнісұлы Қызай ананың туған және қайтыс болған жылдарына қатысты бұрын бұрмаланған тарихи деректерді түзетіп, оның 1402 жылы дүниеге келіп, 1472 жылы қайтыс

болғанын дәлелдейді (Бекқұрман, 2000). Бұл зерттеулер оның тарихи тұлға ретіндегі шынайы өмір сүрген кезеңін айқындауда маңызды үлес болып табылады. Алайда бұл еңбек Қытайда дәстүрлі жазумен басылып шыққандықтан, оның кең ғылыми қауымдастықтағы ықпалы шектеулі болып қалып отыр.

Осылайша, қазақтың әулие әйелдері тарихи-мәдени кеңістікте ерекше орын алып, рухани дәстүрлерді сақтауға, діни таным жүйесін қалыптастыруға және әлеуметтік құндылықтарды нығайтуға ықпал еткен. Домалақ ана, Бегім ана, Рәбия Сұлтан бегім, Айша бибі мен Қызай ана секілді тұлғаларға қатысты фольклорлық материалдар мен тарихи деректер жүйеленбегенімен, олардың қазақ қоғамының біртұтастығы мен мемлекеттілігінің қалыптасуына тигізген әсері зор. Зерттеуде тарихи мәліметтердің қолжетімділігі, ғылыми айналымға ену деңгейі және қолданылған әдіснамалық тәсілдер сараланып, қарама-қайшы көзқарастарға ғылыми негіздемелер ұсынылған. Ортағасырлық көшпелілер қоғамында билеуші әулеттен шыққан әйелдер тек отбасы ұйытқысы емес, саяси, мәдени және діни өмірдің белсенді қатысушыларына айналды. Домалақ ананың есімі мен өмірлік деректеріне қатысты әртүрлі нұсқалар сақталғанымен, оның рухани мәртебесі мен тарихи рөлі қазақтың ауызша тарихында ерекше маңызға ие. Бегім ана туралы аңыздар оның әділетсіздіктің құрбаны болғанын көрсетсе, Рәбия Сұлтан бегім Орта Азиядағы саяси оқиғалармен тығыз байланысты, билеуші әулеттер арасындағы дипломатиялық байланыстарды нығайтқан тұлға ретінде қарастырылады. Айша бибі кесенесі болса діни-мәдени мұраның маңызды нысаны ретінде зерттелсе, Қызай ана Қытай қазақтарының арасында рухани символға айналған. Әйел әулиелердің культі қазақ қоғамындағы діни сенімдер мен дәстүрлі құндылықтарды сақтау мен берік ұстанудың бір көрінісі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижелері әулие әйелдердің діни, әлеуметтік және мәдени салалардың дамуына ықпалын анықтауға бағытталған. Әулие әйелдердің қызметі трансценденттік және рухани байланыстырушы, тәрбиелік-тәлімгерлік және әлеуметтік аспектілерді қамтиды. Киелі тұлғалар дәстүрлі қоғамда материалдық және трансценденттік әлемдерді байланыстыратын көпір іспетті қабылданған. Олар сакралды ритуалдар мен ғұрыптарды орындау арқылы қоғамдағы ерекше мәртебесін бекітіп, рухани және материалдық дүниелердің үйлесімін сақтаған. Әулие әйелдер жоғары күштермен байланыстағы адамдар ретінде қоғамда ықпалға ие болып, ұрпақтан-ұрпаққа қасиетті білімді жеткізіп отырған. Олардың қызметі көбінесе салт-жоралғылармен, символикалық әрекеттермен және ғұрыптық білімдерді жеткізумен байланысты болған (Мансұров, 2020).

Домалақ ана тұлғасы әулие әйелдердің әлеуметтік мәртебесі мен рухани ықпалының айқын мысалы болып табылады. Оның шын есімі Нұрила, ол атақты ислам ғұламасы Мақтым Ағзам қожаның тәрбиесінде өсіп, рухани білім алған. Домалақ ананың әкесі Әли Сыман Ақсақ Темір әскерінің құрамында болғаны оның отбасының саяси мәртебесі жоғары болғанын көрсетеді. Киелі мәртебе туралы аңыздар оның тұлғасын сакралды мағынамен толықтырады. Қыдыр ата мен Бақтың Нұрианы таңдауы, оның тау етегінде жүргенде ерекше белгіге ие болуы – оның әулие ретіндегі миссиясының негізделуін көрсетеді. Сонымен қатар, оның Бәйдібек бимен некелесуі де алдын ала болжанған құбылыс ретінде сипатталады, бұл сакралды тұлғалардың өмірінде алдын ала белгіленген тағдырлық оқиғалардың маңызды екенін көрсетеді. Аңыздарда оның аналық мәртебесі мен әлеуметтік рөлі ерекше аталады (Дүйсенбаев, 1991; Тойбай, 2019). Ол ұрпақ жалғастырушы ғана емес, сонымен қатар рухани ықпал етуші, қоғамдағы әділдіктің сақталуын қамтамасыз етуші тұлға ретінде көрінеді. Оның үлкен әйелі Сарықызбен келіспеушілігі мен соған байланысты айтылған қарғысы әулие әйелдердің сөзінің салмақтылығын және олардың қоғамдағы билікпен астасқан беделін айғақтайды.

Бегім ана мен Қызай әулиенің тұлғалары да әулие әйелдердің қоғамдағы рөлін толықтыра түседі. Бегім ананың қасиеті атақты Қарабура әулиеден дарығаны туралы аңыз оның діни-рухани дәстүрдің жалғастырушысы ретіндегі рөлін көрсетеді (Дүйсенбаев, 1991; Бегім ана, 2006). Қызай әулие туралы мәліметтер оның табиғи және киелі күштермен терең байланыста болғанын айғақтайды. Домалақ ананың жүктілік кезеңінде жолбарыстың жүрегін жеуге деген ерекше қалауы тек биологиялық ерекшелік емес, сонымен қатар сакралды күштермен байланысын білдіретін символдық әрекет ретінде қарастырылады. Бұл мифтік сюжет пайғамбарлықтың көрініс пен билікті беру және әлеуметтік тәртіпті қамтамасыз етудің символы ретінде қызмет етеді. Әулие әйелдер рухани көшбасшы және қоғамдағы әлеуметтік әрі мәдени процестерге ықпал еткен маңызды тұлғалар болып табылады. Олардың қызметі ұжымдық сананың қалыптасуына, діни және этномәдени бірегейліктің нығаюына ықпал етті.

Әулиелердің моральдық және рухани құндылықтарды сақтау мен таратудағы рөлі, сондай-ақ олардың шешімдері мен нұсқаулары арқылы қоғамды қалыптастыру қабілеті айрықша назар аударуға лайық. Әсіресе әлеуметтік өзгерістер мен қақтығыстар жағдайында киелі тұлғалардың этикалық беделін қалай сақтап, нығайтқаны маңызды зерттеу нысаны болып табылады. Әулиелердің өмірлік ұстанымдары мен ұлағатты әрекеттері халықтың рухани болмысын қалыптастырып, олардың дүниетанымына әсер етті. Бұл тұрғыда Домалақ ананың парасаттылығы мен адамгершілік қасиеттерін қарастыру оның өмірлік тәжірибесі арқылы рухани мұраның маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді. Бәйдібек би ұзақ сапарға кеткенде, Сары бәйбіше Нұрилага қастандық жасамақ ниетпен оны қарапайым лашыққа орналастырып кетеді (Тойбай, 2019). Алайда, қиын жағдайға қарамастан, Нұрила сабырлық танытып, өз мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, өмір сүру дағдыларын шындайды. Ол қоршаған ортаның бергенін ұқыпты пайдалана отырып, қиындықтарға мойымады. Бұл оның рухани беріктігін, даналығын және кекшілдікке бой алдырмай, жоғары адами құндылықтарға адалдығын көрсетеді.

Нұриланьың көрегендігі мен тапқырлығы оның қарақшылармен кездесуі кезінде ерекше байқалады. Лашыққа келген қарулы топтың басшысын сезе білген Нұрила өзін кемпір кейпіне келтіріп, айран мен күлше ұсыну арқылы олардың ниетін анықтауға тырысады. Бұл әрекет оның интуициясы мен өмірлік тәжірибесінің нәтижесі екенін аңғартады. Қарақшы Қара Хайдар Нұриланьың ерекше болмысын сезініп, оған құрмет көрсетеді. Кейін ол Бәйдібек бидің жылқыларын айдап әкеткен соң, Нұрила жылқылардың табиғатын терең білетіндігін пайдаланып, қарақшыларға ешқандай қарсы күш қолданбай-ақ, айламен барлық малды кері қайтарудың амалын табады (Дүйсенбаев, 1991). Бұл оқиға оның стратегиялық ойлау қабілеті мен табиғатты түсіну дағдысының жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Жылқылардың үйірге деген биологиялық байланысын ескере отырып, ол қарақшыларды да, жылқышыларды да шығынға ұшыратпай, мәселені шешеді. Осы оқиға оның даналығын айқындай түсіп, тек қарапайым тұрмыстық мәселелерде ғана емес, сонымен қатар күрделі әлеуметтік жағдайларда да дұрыс шешім қабылдай білетінін көрсетеді.

Әулие культінің қазақ қоғамындағы орны мен маңыздылығын ашу үшін Айша бибі туралы аңыздарды талдау орынды. Орта ғасырларда өмір сүрген Айша бибі туралы аңыздардың 28-ден астам нұсқасы бар, олардың әрқайсысы оның өмірі мен мұрасын әр қырынан сипаттайды. Айша бибінің шығу тегі туралы деректерде әртүрлі нұсқалар кездеседі: кейбір мәліметтерде ол Ысмайыл атаның қызы ретінде, ал басқаларында Зеңгі бабаның перзенті ретінде айтылады (Шаизхан, 2024). Аңыз бойынша, Айша бибі мен Қараханның арасындағы махаббат тарихы әлеуметтік тосқауылдар мен тыйымдарға қарамастан, рухани байланыстың беріктігін бейнелейді (Тойбай, 2019; Дәдебаев, 2002). Бұл оқиға махаббат пен адалдықтың символына айналып, халық жадында сақталды. Айша бибі кесенесі тек тарихи ескерткіш қана емес, ол ғасырлар бойы халықтың рухани құндылықтарының сақталуына ықпал ететін маңызды мәдени мұра болып табылады. Қазақ

қоғамында әулиелердің өмірі мен олардың айналасындағы аңыздар адамдардың моральдық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етіп, олардың дүниетанымына әсер еткенін аңғаруға болады.

Әулиелердің даналығы олардың өмірлік тәжірибесі мен рухани ілімдері арқылы қалыптасқан. Бұл даналық оларды тек моральдық-этикалық ұстын ғана емес, сонымен бірге қоғамдық құрылымның тұрақтылығы үшін бағыттаушы күш ретінде танытты. Мысалы, Нұриланьң парасаттылығы мен әділдігі Қара Хайдардың өміріне өзгеріс әкеліп, оны қарақшылықтан бас тартуға итермеледі. Ол Бәйдібек бидің үйін тауып, өз әрекеттері үшін кешірім сұрап, дұрыс жолға түсуге шешім қабылдайды (Дүйсенбаев, 1991). Бұл оқиға әулиелердің моральдық ықпалының қаншалықты терең екенін көрсетеді. Нұриланьң ізгілігі мен ақыл-парасаты оны халық жадында ерекше тұлға ретінде қалдырды. Оның халық арасында «Диннат ана» атануы да осының белгісі. «Диннат» сөзі араб тілінен аударғанда қасиетті, мейірімді, жақтаушы, әулие деген мағыналарды білдіреді. Кейбір зерттеушілер оның есімінің «домуллах» (دُمْلَاخ) сөзінен шыққанын айтады (Көшеров, 2018)., бұл оның қасиетті тұлға ретіндегі рөлін одан әрі айшықтай түседі. Қазақ мәдениетінде әулиелердің маңыздылығы олардың рухани жетекшілік етуінде ғана емес, сонымен қатар халықтың моральдық қағидаларын сақтауда да көрініс табады. Олардың даналығы мен парасаттылығы арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани мұра қоғамның тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып қала береді.

Қасиетті жандар қоғамның игілігіне қызмет етіп, әлеуметтік мәселелерді шешуге белсенді қатысқан. Олардың қамқорлық қызметі әділетсіздікке душар болған жандарға көмек көрсету, сырқаттарды емдеу, рухани қолдау көрсету арқылы көрініс тапты. Осындай аналардың бірі – Бегім ана. Оның тағдыры әділетсіздікті бастан өткерген адамдармен жанашырлық байланысын нығайтты. Санжар ханның әйелі болған ол жала жабудың құрбанына айналып, ауыр сынақтардан өтті ((Мамышқызы, 2017; Шыныбай, 2018). Алайда әділеттіліктің орнауы оның қасиетті тұлға ретінде танылуына ықпал етті. Бегім ана осылайша әйел қауымының қамқоршысы ретінде танылып, қоғамда әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға қызмет етті (Бегім ана, 2006).

Қоғамдық құрылымда әйелдердің әлеуметтік және саяси рөл атқаруы олардың рухани беделінің артуымен қатар жүрді. Рәбия Сұлтан бегім бұл үрдістің жарқын мысалы есептеледі. Ол өз заманында саяси мәселелерге араласып, мемлекет ісіне ықпал еткен тұлғалардың біріне айналды. Орта ғасырлардағы әйелдің қоғамдық орны туралы жазба деректер оның білімділігі мен қабілетін ерекше атап өтеді. Самарқан медресесінде білім алған Рәбия Сұлтан бегім мемлекеттік басқару ісіне араласып, саяси мәселелерде өз пікірін білдіру құқығын иеленді. Оның тұлғасына деген құрмет оны Балқыз бейнесімен салыстыру арқылы көрініс тапты (Есенберлин, 1998: 70). Бұл оның тек билеушінің жары ғана емес, сондай-ақ қоғамның саяси өміріне әсер еткен тұлға екенін көрсетеді.

Әулиелердің қамқорлық қызметі жеке көмектен асып, бүкіл қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталды. Әйелдер қоғамдағы интеграциялық процестерге де ықпал етті. Қазақ мәдениетінде әйел тек отбасының тірегі ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік және саяси тұрақтылықтың сақталуына үлес қосқан. Бұл үрдіс рулардың бірлігін қамтамасыз ету және қоғамдағы бейбітшілік орнату секілді маңызды міндеттерді орындаған әйел тұлғалары арқылы көрініс тапты. Олар өз шешімдері арқылы әлеуметтік құрылымдар арасындағы тепе-теңдікті сақтауға ықпал етті.

Қызай ана бейнесі болса әйелдің тек аналық қызметімен шектелмейтінін көрсетеді. Ол халықтың бірлігін сақтау жолында маңызды шешімдер қабылдаған тарихи тұлға ретінде танылады. Оның әрекеттері дәстүрлі гендерлік рөлдерден шығып, әйелдің қоғамдағы беделі мен ықпалын айқындайды (Әріпжанұлы, 2023). Қызай ананың даналығы мен жауапкершілігі оның есімін ұрпақтан-ұрпаққа жеткен тарихи-мәдени құндылық ретінде сақтап қалуға ықпал етті. Оның тұлғасы қазақ қоғамындағы әйелдің әлеуметтік және рухани тұтастықты

сақтаушы ретіндегі рөлін айқындап, тарихи және мифологиялық баяндаудың маңызды элементіне айналды.

Әйелдердің қоғамдық және рухани құрылымдағы орны тек әулиелік қасиеттерімен емес, олардың саяси және әлеуметтік процестерге ықпалымен анықталады. Олар халықтың бірлігін сақтап, әділеттілік орнатуға ықпал етті. Қоғамдағы әлеуметтік қатынастарда әйел тұлғасының маңыздылығын анықтау арқылы қазақ мәдениетіндегі гендерлік құрылым мен қасиетті символизмді тереңірек түсінуге болады. Бұл зерттеу көрсеткендей, қазақ қоғамындағы әйел бейнесі тек тұрмыстық деңгеймен шектелмей, саяси және рухани құрылымдардың маңызды бөлігіне айналған.

Қорытынды

Қасиетті тұлғалар әртүрлі қоғамдардың тарихи және мәдени дамуының ажырамас бөлігі болып, рухани ілімдерді жеткізуші, адамгершілік құндылықтарды нығайтушы және әлеуметтік тұрақтылықты қалыптастырушы ретінде маңызды рөл атқарды. Бұл зерттеу аясында әулие әйелдердің қоғамдағы орны мен олардың қызметінің құрылымдық аспектілері қарастырылды. Әулие әйелдер тек діни немесе мифопоэтикалық бейне ретінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік тәртіптің тұрақтануына әсер ететін күрделі феномен ретінде көрініс табады. Олардың әрекеттері патриархалдық құрылым жағдайында орын алғанымен, әйел тұлғасының қоғамдағы орны тек дәстүрлі ана немесе жұбай рөлінен әлдеқайда кең ауқымды қамтығаны байқалады. Бұл әулие әйелдердің рөлін түсінуді тек мәдени-антропологиялық немесе діни перспективалар арқылы емес, тарихи-әлеуметтік құрылымдарды қалыптастырушы фактор ретінде де қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Әулие әйелдердің қызметтері негізінен үш негізгі функцияда көрініс тапты: қасиеттілік, тәрбиелік және әлеуметтік. Қасиеттілік олардың трансценденттік әлеммен байланысын сақтауынан, діни рәсімдерге араласуынан және сакральды білімдерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуінен байқалды. Мифопоэтикалық дәстүр аясында бұл тұлғалар рухани күш пен күдіретті қасиеттерге ие архетиптер ретінде сипатталып, олардың адам тағдырына ықпал етуші рөлін айқындады. Сонымен қатар, олардың тәрбиелік қызметі адамгершілік құндылықтарды насихаттауға бағытталып, қоғамдық сананың қалыптасуында маңызды орын алды. Әулие әйелдер әлеуметтік даулар мен қақтығыстарды шешуде бітімгершілік функциясын атқарып, әділеттілік пен парасаттылықтың символына айналды. Бұл тұрғыда олар тек отбасылық шеңберде ғана емес, ауқымды әлеуметтік қатынастар деңгейінде де маңызды рөл атқарды.

Әлеуметтік аспект қасиетті әйел тұлғаларының қоғамдағы интеграция процестеріне қатысуымен ерекшеленді. Олардың әрекеттері көбінесе ру-тайпалық жүйенің тұтастығын сақтауға бағытталып, белгілі бір қауымдастық ішінде үйлесімділік пен тұрақтылықты қамтамасыз етті. Олардың шешімдері әлеуметтік құрылымдардың орнықты дамуына ықпал етіп, мәдени мұраның сақталуында айрықша мәнге ие болды. Осы тұрғыдан алғанда, әулие әйелдердің рөлі тек діни сенімдермен шектелмей, саяси және әлеуметтік келісім тетіктерінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс. Олар әртүрлі этникалық топтар арасындағы байланысты нығайтып, рухани сабақтастықты қамтамасыз еткендіктен, олардың қызметін тарихи процестердің катализаторы ретінде бағалауға болады. Олардың халық жадында сақталуы мен аңыз-әпсаналар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа берілуі қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ететін механизмдердің бірі ретінде қарастырылады.

Зерттеу барысында қасиетті әйел тұлғалары туралы аңыздар мен олардың ауызша таралу ерекшеліктері анықталды. Бұл аңыздардың бір-бірімен байланысы, олардың вариативтілігі мен әртүрлі мәдени контексттерде бейімделуі әулие әйелдердің қоғамдағы маңыздылығының дәлелі болып табылады. Тарихи-мифологиялық материалдар әулие әйелдердің бейнесінің әлеуметтік және саяси жағдайларға сәйкес өзгеріп отыруын көрсетті, бұл олардың тек діни ғана емес, мәдени-саяси институт ретіндегі мәнін де айқындайды.

Халықтың қасиетті тұлғаларға деген құрметі әулие әйелдердің қоғамның рухани тіректерінің бірі екенін көрсетіп, олардың тарихи жады мен мәдени мұрадағы орнының маңыздылығын көрсетеді.

Жалпы, зерттеудің нәтижелері әулие әйелдердің функцияларының өзгерісі мен олардың қазіргі әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі рөлін талдауға жаңа мүмкіндіктер ашады. Алынған деректер олардың тек өткеннің діни тұлғалары ғана емес, сонымен қатар бүгінгі күнгі рухани тәжірибелер мен әлеуметтік құндылықтардың қалыптасуында маңызды фактор екенін көрсетеді. Әулие әйелдер тұлғаларының тарихи тәжірибесін зерделеу олардың қазіргі қоғамдағы адаптациясын түсінуге мүмкіндік береді, бұл зерттеудің болашақтағы бағыттарын айқындауға септігін тигізеді. Қазіргі заманда рухани құндылықтардың маңызы арта түскен кезеңде қасиетті әйел тұлғаларының мәдени мұрадағы және қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөліне қайта қарау қажеттілігі туындап отыр.

Әдебиеттер:

- Абашин, 2001 – *Абашин С.А.* Потомки святых в современной Средней Азии // *Этнографическое обозрение*. 2001. № 4. С. 37.
- Абашин, 2007 – *Абашин С.А.* Национализмы в Средней Азии: в поисках идентичности. СПб.: Алетейа, 2007. 304 с.
- Арабско-русский словарь. – Ташкент: Камалак, 1994. II том, 484 с.
- Асфендиаров, 1930 – *Асфендиаров С.* Ислам и кочевое хозяйство (В порядке дискуссии) // *Атеист*. 1930. № 58. С. 7-8.
- Әріпжанұлы, 2023 – *Әріпжанұлы Р.* Қызай Ана және қызай тарихы туралы зерттеулер. Алматы: Үш қыян, 2023. 416 б.
- Бабалар сөзі, 2006 – Бабалар сөзі. Жүзтомдық Т.29: Қытайдағы қазақ фольклоры. Тарихи жырлар. Астана: Фолиант, 2006. 400 б.
- Бабалар сөзі, 2012 – Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Т. 81: Шежірелік жыр-аңыздар. Астана: Фолиант, 2012. 432 б.
- Бартольд, 1963 – *Бартольд В.В.* Сочинения. Т.1: Туркестан в эпоху Монгольского нашествия / АН СССР, Ин-т нар. Азии; Перед загл.авт.акад. В.В. Радлов. – М.: Издат. восточ. лит-ры, 1963. 760 с.
- Бегім ана, 2006 – Бегім ана // *Қазақстан ZAMAN* 2006 – 26 мамыр (N22). 7 б.
- Бекқұрман, 2000 – *Бекқұрман Ө.* Қызай шежіресі. ҚХР, ШҰАР. Құлжа. 2000. 24 б.
- Боранбай, 2012 – *Боранбай Ж.* Бәйдібектің баяны баянды болмай тұр... // *Ақиқат*, 2012. № 9. 19 қыркүйек.
- Дәдебаев, 2002 – *Дәдебаев Ж.* Талас аңыздары. Алматы: Нұрлы әлем, 2002. 72 б.
- Дүйсенбаев, 1991 – *Дүйсенбаев Д.* Домалақ ана. Алматы, 1991. 70 б.
- Ергөбеков, 1999 – *Ергөбеков Қ.* Бәйдібек Баба мен Домалақ Ана. Шымкент: Жібек жолы, 1999. 64 б.
- Есенберлин, 1998 – *Есенберлин І.* Көшпенділер. Алматы: І. Есенберлин атындағы қор, 1998. 584 б.
- Жолдасбекұлы, 2001 – *Жолдасбекұлы М.* Елтұтқа: ел тарихының әйгілі тұлғалары / М. Жолдасбекұлы, Қ. Салғараұлы, Қ. Сейдімбек. Астана: KUL TEGIN, 2001. 358 б.
- Ислам: Энциклопедиялық сөздік, 1991 – *Ислам: Энциклопедический словарь*. Москва: Наука, 1991. 315 с.
- Кабдулвахитов, 2022 – *Кабдулвахитов К.* Дочь шахида, прощенная Богом Рабия. 21 февраля, 2022 // [Электронный ресурс] URL: <https://islamnews.ru/2022/2/21/doch-shakhida-proshchennaya-bogom-rabiya> (Дата обращения: 09.02.2025)
- Көшеров, 2018 – *Көшеров А.* Домалақ ана: дерек пен дақырт // [Электронды ресурс] URL: <https://qazaquni.kz/rukhanijat/82383-domalaq-ana-derek-pen-daqpyrt> (Қаралған күні: 22.01.2025)

- Мамышқызы, 2017 – *Мамышқызы С.* Сенімсіздіктің құрбаны болған Бегім ана. 10.10.2017 // [Электронды ресурс] URL: https://el.kz/senimsizdiktin_kurbani_bolgan_begim_ana_25634/ (Қаралған күні: 09.02.2025)
- Мансұров, 2020 – *Мансұров Н.Б.* Тілдік ұғымдағы «әулие» сөзінің қолданысы // Тюркология. 2020. №2 (100). Б. 10-20.
- Мун, Турекулова, 2017 – *Мун Д.Т., Турекулова Н.В.* Мавзолей Айша-биби: история изучения и реставрации // *Эпоха Юсуфа Баласагуни: история, литература, материальная культура*. Мат. МНК, Посвящ. 1000-ю Ю. Баласагуни. Бишкек, 2017. – С. 202-215.
- Сәрсембин, 2024 – *Сәрсембин Ү.* Ұлт танымындағы әулиелер тағылымы // Ақиқат. 2024. №11. 28 қараша, Б. 24-27.
- Тойбай, 2019 – *Тойбай А.* Даланың дана арулары. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2019. 352 б.
- Туякбаева, 1989 – *Туякбаева Б.Т.* Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Яссави. Алматы: Өнер, 1989. 176 с.
- Уалиханов, 1985 – *Уалиханов Ш.* Таңдамалы шығармалары. 1985. 170 б.
- Ұрпағына ұран болған аналар, 2021 – *Ұрпағына ұран болған аналар: танымдық-көпшілік басылым. Құрастырғандар: Ш. Бейсенова, Ж. Аймұхамбет.* Астана: Фолиант, 2021. 208 б.
- Шаизхан 2025 – *Шаизхан Ү.* Айша биби және оның кесенесі туралы аңыз // [Электронды ресурс] URL: <https://kazmuseum.kz/e-seli-eskertkish/item/2319-ajsha-bibi-zhane-ony-kesenesi-turaly-a-uz> (Қаралған күні: 09.02.2025)
- Шыныбай, 2018 – *Шыныбай Н.* Аңызға айналған Бегім ана. 21 шілде, 2018 // [Электронды ресурс] URL: <https://qazaly.kz/zanalyk/ruhaniyt/4347-ayza-aynalan-begm-ana.html> (Қаралған күні: 09.02.2025)
- Coakley, 2009 – *Coakley J.* Christian Holy Women and the Exercise of Religious Authority in the Medieval West // Religion Compass. 2009. Т. 3. №. 5. P. 847-856. <https://doi.org/10.1111/j.1749-8171.2009.00168.x>
- Sinthumule, 2022 – *Sinthumule N.I.* Gender and sacred natural sites: The role of women in sacred sites protection and management in Vhembe region, Limpopo Province of South Africa // Global Ecology and Conservation. 2022. Т. 35. С. e02099. <https://doi.org/10.1016/j.gecco.2022.e02099>

References:

- Abashin, 2001 – *Abashin S.A.* Potomki svyatykh v sovremennoy Sredney Azii [Descendants of saints in modern Central Asia] // Etnograficheskoye obozreniye. 2001. № 4. P. 37. (in Rus.)
- Abashin, 2007 – *Abashin S.A.* Natsionalizmy v Sredney Azii: v poiskakh identichnosti. [Nationalisms in Central Asia: In Search of Identity]. SPb.: Aletya, 2007. 304 p. (in Rus.)
- Arabsko-russky slovar. [Arabic-Russian dictionary] – Tashkent: Kamalak, 1994. II tom, 484 p. (in Rus.)
- Asfendiarov, 1930 – *Asfendiarov S.* Islam i kochevoye khozyaystvo (V poryadke diskussii) [Islam and nomadic economy (For discussion)] // Ateist. 1930. № 58. P. 7-8. (in Rus.)
- Aripzhanuly, 2023 – *Fripzhanuly R.* Qizai Ana zhane qizai tarikhy turaly zertteuler. [Research on the history of Kizai Ana and kizai]. Almaty: Ysh kyyan, 2023. 416 p. (in Kaz.)
- Babalar sozi, 2006 – *Babalar sozi.* Zhuztomdyq T. 29: Kitaidagy kazak folklory. Tarikhi zhyrlar. [The word of ancestors. Zhuztom Vol. 29: Kazakh folklore in China. Historical songs]. Astana: Foliant, 2006. 400 p. (in Kaz.)
- Babalar sozi, 2012 – *Babalar sozi.* Zhuztomdyk. T. 81: Shezhirelik zhyr-anyzdar. [The word of ancestors. Centenary. Vol. 81: Chronicle songs-legends]. Astana: Foliant, 2012. 432 p. (in Kaz.)

Bartold, 1963 – *Bartold V.V. Sochineniya. T.1: Turkestan v epokhu Mongolskogo nashestviya* [Works. Vol. 1: Turkestan in the Age of the Mongol Invasion] / AN SSSR, In-t nar. Azii; Pered zagl.avt.akad. V.V. Radlov. – M.: Izdat. vostochn. lit-ry, 1963. 760 p. (in Rus.)

Begim ana, 2006 – Begim ana [Mother Begim] // *Kazakstan ZAMAN* 2006 – 26 mamyr (No 22). 7 p. (in Kaz.)

Bekkurman, 2000 – *Bekkurman O. Qizai shezhiresi*. [The chronicle of Kizai.]. KKhR, ShUAR. Kulzha. 2000. 24 p. (in Kaz.)

Boranbay, 2012 – *Boranbay Zh. Baydibektin bayany bayandy bolmai tur...* [Baidibek's story is not long in coming...] // *Akikat*, 2012. № 9. 19 kyrkuyek. (in Kaz.)

Coakley, 2009 – *Coakley J. Christian Holy Women and the Exercise of Religious Authority in the Medieval West* // *Religion Compass*. 2009. T. 3. №. 5. P. 847-856. <https://doi.org/10.1111/j.1749-8171.2009.00168.x>

Dadebayev, 2002 – *Dadebayev Zh. Talas anyzdary*. [Legends of Talas.]. Almaty: Nurly alem, 2002. 72 p. (in Kaz.)

Duissenbayev, 1991 – *Duissenbayev D. Domalaq ana*. [Rolling mother]. Almaty, 1991. 70 p. (in Kaz.)

Islam: Entsiklopediyalyq sozdik, 1991 – *Islam: Entsiklopedichesky slovar*. [Encyclopedic Dictionary]. Moskva: Nauka, 1991. 315 p. (in Rus.)

Kabdulvakhitov, 2022 – *Kabdulvakhitov K. Doch shakhida, proshchennaya Bogom Rabiya*. [The daughter of a shahid, God's forgiven Rabia.]. 21 fevralya, 2022 // [Elektronny resurs] URL: <https://islamnews.ru/2022/2/21/doch-shakhida-proshchennaya-bogom-rabiya> (Data obrashcheniya: 09.02.2025) (in Rus.)

Kosherov, 2018 – *Kosherov A. Domalaq ana: derek pen daqpyrt* [Rolling Mother: The Source and the Spotted] // [Elektronny resurs] URL: <https://qazaquni.kz/rukhaniyat/82383-domalaq-ana-derek-pen-daqpyrt> (Qaralgan kuni: 22.01.2025) (in Kaz.)

Mamyshkyzy, 2017 – *Mamyshkyzy S. Senimsizdiktin kurbany bolgan Begim ana*. 10.10.2017 [Mother Begim, victim of insecurity] // [Elektronny resurs] URL: https://el.kz/senimsizdiktin_kurbani_bolgan_begim_ana_25634/ (Qaralgan kuni: 09.02.2025) (in Kaz.)

Mansurov, 2020 – *Mansurov N.B. Tildik ugymdagy «auliye» sozinin koldanyssy* [The use of the word "saint" in a linguistic concept] // *Tyurkologiya*. 2020. №2 (100). P. 10-20. (in Kaz.)

Mun, Turekulova, 2017 – *Mun D.T., Turekulova N.V. Mavzoley Aysha-bibi: istoriya izucheniya i restavratsii* [Aisha-bibi Mausoleum: History of Study and Restoration] // *Epokha Yusufa Balasaguni: istoriya, literatura, materialnaya kultura. Mat. MNK, Posvyashch. 1000-yu Yu. Balasaguni. Bishkek, 2017. – P. 202-215*. (in Rus.)

Sarsembin, 2024 – *Sarsembin U. Ult tanymyndagy auliyeler tagylymy* [The lessons of saints in the knowledge of the nation] // *Akikat*. 2024. №11. 28 karasha, P. 24-27. (in Kaz.)

Shaizkhan 2025 – *Shaizkhan U. Aysha bibi zhane onyn kesenesi turaly anyz* [The Legend of Aisha Bibi and her mausoleum] // [Elektronny resurs] URL: <https://kazmuseum.kz/e-seli-eskertkish/item/2319-ajsha-bibi-zhane-ony-kesenesi-turaly-a-yz> (Qaralgan kuni: 09.02.2025) (in Kaz.)

Shynybay, 2018 – *Shynybay N. Anyzga aynalghan Begim ana*. [The legendary mother Begim]. 21 shilde, 2018 // [Elektronny resurs] URL: <https://qazaly.kz/zanalyk/ruhaniyt/4347-ayza-aynalan-begim-ana.html> (Qaralgan kuni: 09.02.2025) (in Kaz.)

Sinthumule, 2022 – *Sinthumule N.I. Gender and sacred natural sites: The role of women in sacred sites protection and management in Vhembe region, Limpopo Province of South Africa* // *Global Ecology and Conservation*. 2022. T. 35. C. e02099. <https://doi.org/10.1016/j.gecco.2022.e02099>

Toybay, 2019 – *Toybay A. Dalanyyn dana arulary*. [Wise beauties of the steppe]. Almaty: Qazaq entsiklopediyasy, 2019. 352 p. (in Kaz.)

Tuyakbayeva, 1989 – *Tuyakbayeva B.T. Epigrafichesky dekor arkhitekturnogo kompleksa Akhmeda Yassavi. [Epigraphic decoration of the architectural complex of Ahmed Yassawi].* Almaty: Oner, 1989. 176 p. (in Rus.)

Ualikhanov, 1985 – *Ualikhanov Sh. Tandamaly shygarmalary. [Selected works].* 1985. 170 p. (in Kaz.)

Urpagyna uran bolgan analar, 2021 – *Urpagyna uran bolgan analar: tanymdyq-kopshilik basylym. [Mothers who became the motto for their offspring: educational-public publication].* Qurastyrgandar: Sh. Beysenova, Zh. Aymukhambet. Astana: Foliant, 2021. 208 p. (in Kaz.)

Yergobekov, 1999 – *Yergobekov K. Baydibek Baba men Domalaq Ana. [The ancestor of Baydibek and Rolling mother].* Shymkent: Zhibek zholy, 1999. 64 p. (in Kaz.)

Yesenberlin, 1998 – *Yesenberlin I. Koshpendiler. [Nomads].* Almaty: I. Yesenberlin atyndagy kor, 1998. 584 p. (in Kaz.)

Zholdasbekuly, 2001 – *Zholdasbekuly M. Yeltutqa: el tarikhynyn aygili tulgalary [Eltutka: famous personalities of the country's history] / M. Zholdasbekuly, K. Salgarauly, K. Seydimbek.* Astana: KUL TEGIN, 2001. 358 p. (in Kaz.)

¹Эгамбердиев М. Ш. ²Бекетова Д.Б.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹mirzahan.egamberdiyev@gmail.com, ²danabeketova@gmail.com,

КАЗАХСКИЕ СВЯТЫЕ ЖЕНЩИНЫ: ТРАНСЦЕНДЕНТНЫЕ ЦЕННОСТИ И СОЦИАЛЬНО-ВОСПИТАТЕЛЬНЫЕ ПРАКТИКИ

Аннотация. Статья посвящена исследованию роли святых женщин в традиционном казахском обществе, их значимости как духовных и культурных ориентиров. Цель исследования состоит в комплексном анализе их функций, включая трансцендентную, воспитательную и социальную, на основе историко-этнографических источников. Важность данной работы заключается в том, что изучение этих фигур позволяет глубже понять культурные и социальные механизмы казахского общества, а также роль женщин в сохранении общественного порядка и традиций. Методологической основой работы является историко-этнографический подход, включающий анализ литературных, фольклорных и исторических источников, которые описывают жизнь таких святых женщин, как Домалак-ана, Бегим-ана, Рабия Султан бегим, Айша-биби и Кызай-ане. Эти личности, почитаемые как святые выполняли роль посредников между миром людей и миром божественного, способствовали формированию моральных норм и духовных ориентиров, оказывая влияние на воспитание подрастающего поколения. Теоретическую основу составляют концепции гендерных исследований, религиозной философии и культурной антропологии. Эти подходы позволяют рассматривать святых женщин как религиозных лидеров и символов устойчивости, а так же гармонии в обществе. Через фигуры святых женщин передавались важнейшие ценности, такие как мудрость, терпимость и духовная целостность, что помогало сохранять социальную стабильность. Святые женщины становились важным звеном в процессе воспитания нравственных и культурных норм, олицетворяя идеалы, которые воспринимались обществом как неприкосновенные. Результаты исследования подтверждают важность этих личностей как символов духовности и морального ориентирования в казахском обществе. Несмотря на значимость этих фигур, недостаточное количество доступных исследований и источников по данной теме затрудняет дальнейшее углубленное изучение. Заключение научного исследования подчеркивает необходимость расширения исследовательской базы, чтобы полноценно оценить влияние святых женщин на развитие культурных и социальных процессов в Казахстане.

Ключевые слова: святая женщина, гендер, трансцендентный, воспитательный, социальный, духовность, мудрость, ценности, функция.

¹Egamberdiyev M.Sh. ²Beketova D.B.

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: ¹mirzahan.egamberdiyev@gmail.com, ²danabeketova@gmail.com,

KAZAKH SACRED WOMEN: TRANSCENDENT VALUES AND SOCIAL AND EDUCATIONAL PRACTICES

Abstract. The article is devoted to the study of the role of holy women in traditional Kazakh society, their significance as spiritual and cultural reference points. The purpose of the study is to analyze their functions, including transcendental, educational and social, based on historical and ethnographic sources. The importance of this work lies in the fact that the study of these figures allows us to better understand the cultural and social mechanisms of Kazakh society, as well as the role of women in maintaining public order and traditions. The methodological basis of the work is the historical and ethnographic approach, including the analysis of literary, folklore and historical sources that describe the lives of such holy women as Domalak-ana, Begim-ana, Rabia Sultan Begim, Aisha-bibi and Kyzai-ana. These individuals, revered as saints, acted as intermediaries between the world of people and the divine world, contributed to the formation of moral norms and spiritual guidelines, influencing the upbringing of the younger generation. The theoretical basis is formed by the concepts of gender studies, religious philosophy and cultural anthropology. These approaches allow us to consider holy women as religious leaders and symbols of stability, as well as harmony in society. The figures of holy women transmitted the most important values, such as wisdom, tolerance and spiritual integrity, which helped to maintain social stability. Holy women became an important link in the process of educating moral and cultural norms, personifying ideals that were perceived by society as inviolable. The results of the study confirm the importance of these individuals as symbols of spirituality and moral orientation in Kazakh society. Despite the significance of these figures, the insufficient number of available studies and sources on this topic hinders further in-depth study. The conclusion of the scientific study emphasizes the need to expand the research base in order to fully assess the influence of holy women on the development of cultural and social processes in Kazakhstan.

Key words: holy woman, gender, transcendental, educational, social, spirituality, wisdom, values, function.

Авторлар туралы мәлімет:

Эгамбердиев Мирзахан Шарипбаевич, тарих ғылымдарының кандидаты, ассоциативті профессор (доцент), Түркітану және Шығыс елдерінің тарихы кафедрасының меңгерушісі, Шығыстану факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Бекетова Дана Бекетқызы, 1 курс PhD докторанты, Түркітану және Шығыс елдерінің тарихы кафедрасы, Шығыстану факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Информация об авторах:

Эгамбердиев Мирзахан Шарипбаевич, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор (доцент), заведующий кафедрой Туркологии и истории стран Востока факультета Востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Бекетова Дана Бекеткызы, PhD докторант 1 курса кафедры Туркологии и истории стран Востока факультета Востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Information about authors:

Egamberdiyev Mirzahan Sharipbayevich, Ass.Prof.Dr., Head of the Department of Turkish Studies and History of Eastern Countries, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Beketova Dana Beketkyzy, PhD doctoral student of the 1st year of the Department of Turkology and History of Eastern Countries, Faculty of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan